

Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерін геологиялық зерделеу мен игеруге арналған блоктар картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 желтоқсан N 1514

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 U952350_ Заң күші бар Жарлығын орындау және "Геологиялық зерделеу мен игеруге әзірленген Блоктар мен көмірсутектері кен орындарының картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1552 P951552_

қаулысына толықтыру енгізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерін геологиялық зерделеу мен игеруге арналған блоктарының мөлшері координаттың географиялық торшасымен 15 минут болатын блоктар картасы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі